

**Қазақстан Республикасы Президентінің "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы"
Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2199 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы" Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру мақсатында қаулы етемін:

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасының заң актілерін Қазақстан Республикасы Президентінің "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы" Заң күші бар Жарлығына сәйкес келтіру туралы ұсыныс табыс етсін;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін Қазақстан Республикасы Президентінің аталған Жарлығына сәйкестендірсін;

Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің және ведомстволарының аталған Жарлыққа қайшы келетін өздерінің нормативтік актілерін қайта қарауын және алып тастауын қамтамасыз етсін;

әділет органдарының жүйесінде заңды тұлғаларды тіркеу жөнінде қызмет ұйымдастырсын;

заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі қызметті заңды тұлғаларды тіркеуді және олардың филиалдары мен өкілдіктерін аккредиттеуді жүзеге асыратын басқа мемлекеттік басқару органдарынан Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен оның жергілікті бөлімшелеріне берілуін бақылауды қамтамасыз етсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті